



**Автор:** РЫСТАНБЕКОВА МЕРУЕРТ КАЛАМБЕКОВНА

**Пән:** Математика

**Сынып:** 6-сынып

**Бөлім:** Рационал сандар және оларға амалдар қолдану

**Тақырып:** Рационал сандар тарауына есептер шығару

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; 6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру; 6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау; 6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау;
Сабақтың мақсаты:	- оқушылардың рационал сандарды тану білік дағдыларын, білімдерін жинақтау, жүйелеу.
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты - рационал сандарға амалдарды қолдану мағынасын түсінеді; Бөлім бойынша лексика мен терминология -координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; -рационал сандарды салыстыру; -таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу; -рационал сандарды азайту; Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер - координаталық түзуде 0 санының оң жағында орналасқан сандар ..... - координаталық түзуде 0 санының сол жағында орналасқан сандар ..... - бір-бірінен таңбасымен өзгешеленетін сандар .....сандар. - кез-келген теріс сан нөлден ..... - кез-келген оң сан нөлден..... - екі теріс санның қосындысы ..... сан;
Күтілетін нәтиже:	- оқушылардың рационал сандарды тану білік дағдыларын, білімдерін жинақтайды, жүйелей біледі. - оқушылар есептерге талдау жасай біледі; - есептің шығару жоспарын құра білу, қорытынды жасай білуге үйренеді. -өз бетімен және ұжымда жұмыс істей біледі; - математикалық ой-өрісін кеңейтеді.
Бағалау критерийлері:	- Координаталық түзуде рационал сандарды кескіндейді; - Рационал сандарды салыстырады; - Таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындайды; - Рационал сандарды азайтуды орындайды;
Құндылықтарды дарыту:	Қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау құндылықтары 1-ші тапсырма арқылы іске асырылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, интернет ресурстары (сайттар, есептер), таратпа материалдар, Activstudio
Пәнаралық байланыс:	Бейнелеу өнері
Бастапқы білім:	қарама - қарсы сандар координаталық түзуде кескіндей білу; рационал сандарды салыстыра алу; таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу білу; рационал сандарды азайту орындай ала білу.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5мин)</p>	<p>- оқушылардың назарын шоғырландыру үшін (bilimland) рационал сандар тарауынан тест тапсырмалары алынады.</p> <p>1. Қандай сан оң санға да теріс санға да жатпайды? A) 0; B)1; C)-1; D) 2.</p> <p>2. Кез-келген теріс сан нөлден ..... A) үлкен; B)кіші; C)тең; D) тең емес.</p> <p>3. Екі теріс санның қосындысы ..... сан A) теріс; B)кіші; C)үлкен; D) оң.</p> <p>4. -7,8-ге қарама-қарсы сан A) 0; B)7; C)7,8; D) 8</p> <p>5. Модульдерін салыстырыңдар <math> -8 </math> бен <math> 5 </math>-тің A) <math> -8  &gt;  5 </math>; B) <math> -8  &lt;  5 </math>; C) <math> -8  =  5 </math>; D) <math> -5  &gt;  8 </math></p> <p>6. Тура теңсіздікті көрсет A) <math>-4 &gt; -1</math>; B) <math>-5 &gt; 0</math>; C) <math>-7 &lt; -5</math>; D) <math>4 &lt; -8</math>.</p> <p>7. <math>-8,5 &lt; x &lt; -7,25</math>-тің бүтін сан мәнін табыңдар A) -7; B)-7; C)-8; D)8.</p> <p>- Оқушылар жұптасып рационал сандар және оларға амалдар қолдану арқылы оқу мақсатын анықтайды. - оқушылар тақтадағы қызыл, жасыл және сары стикерлерді таңдап алу арқылы топқа бөлінеді. Күтілетін нәтиже: - Қарама – қарсы сандар координаталық түзуде кескіндей алады; - Рационал сандар және оларға амалдарды қолдана алады;</p>	<p>Қима қағаз</p>
<p>Сабақтың ортасы (27мин)</p>	<p>1-тапсырма Координаталық түзуде кескіндеу. 1 топқа Координаталық түзуде A(-1); B(-3); C(2); D(4); E(2,5); F(-1,5); G(3/4); H(-3,5) нүктелерін кескіндендер.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы - нүктелерді координаталарымен жазады Оқушылар координаталық түзуде берілген нүктелерді кескіндейді.</p> <p>«Түсіндірме арқылы бағалау» әдісі арқылы бағаланады.</p> <p>2-тапсырма «Сыйқырлы айна» әдісі. 2 топқа Мына сандардың әрқайсына қарама-қарсы санды жазыңдар: -1; -2,9; 3,8; 0; -3,25; -5.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы - қарама-қарсы сандарды табады.</p> <p>«Ауызша» өзара бағаланады</p> <p>3- тапсырма «Кім жылдам» әдісі. 3 топқа сандарды салыстыру. -4,35*4,3 -8 1/4*-7 3/4 6,81*-6,9 -7/15*-5/9 -5/13*2/3 0,9*1</p> <p>Дескриптор Білім алушы - таңбалары бірдей рационал сандарды салыстырады; - таңбалары әр түрлі рационал сандарды салыстырады</p> <p>Бағалау дескриптор арқылы өзін өзі бағалау</p>	<p>Үлестірмелі материал</p>
<p>Сабақтың соңы (6мин)</p>	<p>Оқушылар рационал сандарға амалдарды қолдану арқылы есептерді шығару арқылы үйді құрастырады.</p> <p>-2,3+4,7;      3-(-4,3); -5,7+8,2;      8,9-12; 7,34+6,5;      -4,5+6,2; -2,4+7;      -8,3+2,5.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы - таңбалары бірдей рационал сандарды қосады; - таңбалары әр түрлі рационал сандарды қосады; - өрнектің мәнін табады.</p>	<p>Үлестірмелі материал</p>

Рефлексия (2мин)	Оқушылар өздері орындаған тапсырмаларына қарап бағдаршам әдісі бойынша көңіл күйлерін білдіреді. Қызыл түс- мен ештеңе түсінбедім; Сары түс- маған әлі де түсініксіздеу; Жасыл түс- маған бәрі түсінікті.	Қима қағаз
---------------------	--	------------